


85. 92(5) күн - 45 айн)

24 · 34

Тұяқберді ШӘМЕЛОВ



# Тырналар




БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
ОБЛЫСТЫҚ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

Тұяқберді ШӘМЕЛОВ

# «Тырналар»

Ән-күй жинағы



Орал – 2009

**УДК 78**

**ББК 85.92**

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы негізінде шыгарылды.  
Шыгаруға жеңушпес: *Облыстық халық шығармашылық орталығы***

Ноталарды компьютерде терген: **Жамиля Нұрымбетова**  
Суретші-дизайнері: **Асқар Бекчурин**

**ШӘМЕЛОВТЫҚ ТЫРНАЛАР.** Ән-күй жинағы. Орал: –«Полиграфсервис»,  
2009. - 156 бет.

ISBN 978-601-7104-33-7

Көрнекті күйші, композитор Тұяқберді Шәмеловтың бұл кезекті  
ән-күй жинағына қенбайтақ Қазақстанды аралап, өз таланттына  
табынушылармен жүздесулер әсерінен туған шығармалары енгізіліп  
отыр.

Қазақстанның халық әртісі Тұяқберді Шәмеловтың бұл еңбегі  
музыка өнері саласында еңбек етіп жүргендерге, студенттерге, ән-  
күйді сүйіп-қастерлейтін қалың қауымға арналады.

Бұл жинаққа автордың төл әндері мен күйлері ноталарымен және  
Т.Шәмеловтың тапқан халық композиторы – Мөңке Тілеуұлының  
бұрын жарияланбаған күйлерінің ноталары енген.

УДК 78  
ББК 85.92

Ш 4905000000  
00(05)-09

ISBN 978-601-7104-33-7

© Шәмелов Т., 2009



## Алғы сөз

Тұяқберді Шәмелов 1951 жылы 6 қыркүйекте Батыс Қазақстан облысы, Бекей ордасы ауданының Құрманғазы ауылында дүниеге келген. Төрт жасар кезінен сол өнірдегі атақты күйші Амангали Иманмағзомұлынан домбыраны қалай ұстауды үйреніп, қасынан қалмайды. Әбекен де уақыт өткен сайын жас баланың құлағына домбыра үнін құйып, бара-бара шындал үйрете бастайды. Тұяқбердіге тағдыр осылайша күйші болуды маңдайына жазыпты. Соңдай-ақ, ол Аманғалидан күй өнерінің бастапқы баспалдақтарын игеріп, кейін Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияға окуга түседі. Мұнда да тағдыр оған Қали Жантілеуов сияқты мықты ұстазды кездестіреді.

Тұяқбердінің кейінгі өмірі өнермен, домбырамен тығыз байланысып, әлі де солай жалғасып келеді. Құрманғазы атындағы академиялық ұлт-аспалтар оркестірінде қатардағы домбырашыдан бас концертмейстер, жеке орындаушы кейін көркемдік жетекшіге дейінгі биіктеге жетті. Сөйтіл аталмыш оркестрде қырық жылға жуық қызмет көрсетіп келеді. Оркестрдің құрамында жұмыр жердің талай елдерінде, атап айтқанда; Америка, Италия, Франция, Корея, Ауганыстан, Португалия, Пәкістан, Қытай, Германия және басқа да елдерде болып, талай сахналардан домбырасын құмбірледті.

1996 жылы Қазақстан мен Қытай елінің мәдениет министрліктері өзара келісімімен КХР-ның Шыңканолкесі, Құлжа қаласындағы қазақ, үйғыр, хансу, сібе, дүңған сияқты ұлттардан құралған оркестрді басқарып, алты ай бойы оның өнерпаздарына дәріс оқыды. Қазақтың арғы – бергі композиторларының біраз ән – күйлерін оркестрдің репертуарына енгізді. Сол жарты жыл бойы аталмыш оркестрдің сандық (цифровой) нотасын еуропалық нотага аударды. Қазақстандағы өнертанушылар мен зерттеушілердің, музыканттардың еңбектерін, оқулықтарын Қытайдағы бауырларымызға таратып, игіліктеріне жаратты. Т.Шәмелов 1983 жылы Құрманғазы атындағы I Республикалық

конкурстың лауреаты атандып, 1994 жылы Қазақстанға енбекі сіңген әртіс, 1998 жылы КР Халық әртісі атағына ие болды. 2006 жылы Елбасының қолынан «Құрмет» орденін алды. Бүгінде Тұяқберді Шәмелов Құрманғазы атындағы академиялық оркестрдің көркемдік жетекшісі. Бірнеше әндердің авторы, концертен күй таспаларын шығарды. Олардың бәрі Қазақстанның радиотелевидениесінің алтын корына алынды.

Т.Шамеловтің әндері де, күйлері де сазды, әуенді жүрек қылын шертеді. Өнер сүйер қауым бұл шығармаларды үлкен сахналардан жылы қабылдал жүр. Т.Шәмеловтің ән, күйлерінің тақырыбы - Отан, туған жер, енбек, достық, махаббат, табиғат сұлулығын суреттеуге құралған.

Соңғы жылдары халық композиторларының күйлерін іздең, зерттеумен айналысып жүр. Абылайханның күйін мемлекет қайраткері, өнердің жоқтаушысы Қырымбек Көшербаевтың тапсырысы бойынша алғаш орындал, Құрманғазы оркестрінің алтын қорына енгізді. Жамбыл атамыздың күйлерін оркестр репертуарына енгізген де Тұяқберді Шәмелов.

Маэстроның соңғы кездегі тындырған үлкен жұмысының бірі- Шектінің ұрпағы, Тілеуұлы Мөңке бидің төрт күйін тауып, оның табиғатын зерттеп, нотаға түсірді. Алғашқы орындаушысы да өзі болды. Сөйтіп, Мөңке бабамыздың «Жиын алқа, кенес», «Қиқу дәурен», «Шалқыма», «Өттің жалған-ай» күйлері болашақ ұрпаққа мәнгілікке табысталды.

Тартымды, лирикалық әндерімен де елін, халқын тәнті еткен композитор Тұяқтың бұл саладағы алар асулары, шығар белес, көтерілер биік шындары да әлі алда...

*Айтқали Жайымов  
Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген  
қайраткері, профессор, композитор, дирижер.*



Бұл кітабымды марқұм әкем  
Кажыгерей мен анам Рәштің  
рухына арпаймын!



Жан анам, өзегімді өртеп менің,  
Сездің бе көкірегім шер төккенін...!?  
Әкемнен алты айлықта іште қалып,  
Айтып ең екі мүшел ерте өткенін.  
Мен жетім атанғам жоқ сен барында,  
Өтіпті-ау бар өмірің мен қамында.  
Анашым, жас ғұмырын құрбан еткен  
Өзіндей ана бар ма жер шарында!

*Ұлың Тұяқберді*





**Тұяқ туралы  
ел ағаларының  
пікірлері**

## **Тұяқ туралы ел ағаларының пікірлері**

«Тұяқ баламды күй өнерінде ешкім кеміте алмайды, ол шебер күйші, күйді түсініп орындаиды, мен оны мұрагерім деп санағ, батамды бердім»...

*Қазақстанның халық әртісі,  
күйші Қали Жантілеуов*

«Тұяқ күй орындағанда (тартқанда), аяулы ұстазымыз Қалекенді еске түсіреді»...

*KCCPO халық әртісі, композитор,  
Професор, Мемлекет қайраткері Еркегали Рахмадиев.*

«Екеуміздің әкеміз біреу, ол Қали Жантілеу, Тұяқ сен осыны есінде сақта»...

*Халық қаңарманы, KCCPO халық әртісі,  
Композитор, профессор, дирижер Нұргиса Тілендіев.*

«Тұяқ оркестрге шынайы берілген, кадровый музыкант, дыбысының сұлулығымен, ұтымды күйші...»

*KCCPO халық әртісі, профессор, Мемлекеттік  
сыйлықтың лауреаты, дирижер Шамғон Қажығалиев.*

«Тұяқ – күйшілігі мен қатар сазды әндерімен де ерекшеленеді».

*Халық әртісі, композитор, профессор  
Базарбай Жұманиязов.*

«Құрманғазы оркестрінің бас концертмейстрлігі шебер қолға берілген, Тұяқ сияқты музыканттар көп болсын деп тілеймін»...

*Қазақстан, Ресей, Татарстан халық әртісі,  
Дирижер, академик Фуат Мансуров.*

«Тұяқ Құрманғазының өн бойы драмага толы, дүбірлете ойнайтын күйін лирикаға айналдыра отырып, сазымен жеткізе біледі»...

*Халық жазушысы, Мемлекет,  
қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев.*

«Қалекен тұған топырақтан Тұяқтың шығуы және концертмейстер болуы заңдылық па деп ойлаймын»...

*Қазақстанның халық әртісі, профессор, күйши Қаршыға Ахмедияров.*

«Тұяқ – саусақының желі бар күйші»

*Құрманғазы оркестрінің Бас дирижері, Қазақстан Республикасының еңбекі сіңірген қайраткері, профессор Айтқали Жайымов.*



## **Адуынды қүйші, сындарлы сазгер, Қазақстанның халық әртісі Тұяқберді Қажыгерейұлы Шәмелов мырзаның 50 жасқа толуына арналған құттықтау тілек**

ЕЛУДІ өртеп мінген бұлан ерін  
Қуана құттықтайды мынау Елің.  
Жер апшысын қыырар тұлпар тұяқ,  
Шашага шаң жүқтырмас Құлагерім!


ЕЛУІН – ердін жасы, шақтық белес,  
Алдында 60,70 – қонысы іргелес,  
Тәйірі – ай, сөз болып па ер жігітке,  
ЕЛУ – ол қылышылдаған кос жиырма бес.


Ендеше қосарлап мін қыл қүйрықты,  
Құйқылжыта қүйғытып кіл жүйрікті.  
Күмбірлі күй сазынан тына қалып,  
Тұяқ «тілін» тыңдайды бұлбұл мықты.

Құрман баба жиһазын жиыстырып,  
Қыын жерден жол тауып қиыстырып,  
Аруақтарды сыйлаған арда ұлдың  
Ошағында түр бүгін ырыс тұнып.

Куатың бар тасты да қақ жаратын,  
Шыққан емес содан да жалған атың  
Сенің жолың бөлектеу өзгелерден,  
Калауын тапқанында қар жанатын.

Өмірдің көп қой әркез бұраланы,  
Алға келер жылатқан, жылағаны.  
Сондай шақта талайлар тоят табар  
Тұяғым - таразылар сын аланы.





Болған соң көптің тірек болашагы,  
Жұрттың сен қоңіл қошы, торағасы.  
Елуді ерттеп мінген шағында сен --  
Өзің де қамқор болар Ел ағасы.

Осылай дүйім қауым, дос тілегі,  
Құтты болсын қуаныш тастулеғім!  
Бір ән бар-ды шырқалар осындайда,  
Әннің аты – жаразтық «Қос күренім!»

Өзен болар бұлақтар жылғалаған,  
Тамыр жаймай тұрар ма тұлғалы адам.  
Сыңғыр-сыңғыр күй туып сырғалардан,  
Әлди-әлди ән туын інгелаган.

Сол үшін соқ дабыл той қоңырауын,  
Атылсын домбырадан қоңыр ағын.  
Тұяққа денсаулық пен бақыт тілеп,  
Ағытайық ақ шампан омырауын!

*Өз оскен ұяң, тұғырлы торқін жұрттың –  
қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік  
академиялық халық аспаптары оркестрінің ұжымы.*



## Күйші Тұяққа!

О, құдірет! О ғажап!  
Оркестрдің қасында:  
Бүкіл өнер бармақтың ілулі түр басында!

Біле алмадым – дүние үйқыда ма, ояу ма?  
Домбырадан шықкан үн айналды мың бояуға!

Қай күйшіден үрленген, қай ұстаздан оқыған?  
Сикыр екен саусағың, үннен шілтер тоқыған!

Мұмкін емес тындауың елжіремей, балқымай,  
Сөзбен жазбай тарихын, күймен жазған халқым-ай!

Мынау шешен шектерден сыр таптым-ау, мен бөлек,  
Бүкіл Далам келді ғой көз алдымға дөңгелеп!

Әлденеге қуанып, екі көзден жас парлап,  
Әлдиінен саусақтың қалғығандай аскарлар.  
Сенейін бе, батыр-ау? Сенбейін бе, батыр-ау?!

Әмірінен саусақтың тулағандай Атырау!

Қара бұлттай ыдырап көңілімді басқан мұң,  
Кеудеме кеп құйылады –ау бар жұлдызы аспанның!

Желбіреген сияқты биігімде көп тулар,  
Әуен емес – шанақтан ұшып жатты акқулар!  
Саусақ емес – дария дүркіреп бір өткендей,  
Гүлдел жүре берді ғой, көкіректер көктемдей!

Бүкіл дала тарихын өзі-ақ жазып таусады,  
Мың тұяқтың дүбірі – бір Тұяқтың саусағы!

*Қадыр Мырза Әлі*

## Күйші Тұяққа!

Қанат қақты қыран-күйші қамдана,  
Күй – керуен бой түзеді паңдана.  
Маужырады масаттанып маң дала,  
Тыңдаушысы тамсанады таңдана.

Абылайдан қалған Жорық – бақ, дүрмек,  
Қоңыр әуен жан-жағынан жатты улеп.  
Көніл – Жайық қонды сыңсып Аққу кеп,  
Қызы Жібек те тіл қатқандай Гакку деп.

Қас асая ма басқа құрық салғызган,  
Махамбет пе? Исадай ма ар қызган?  
Қыршын кеткен қапияда жалғыз ба?  
Ғашық болған бозбала ма, бал қызға?

Сорғалайды мың сан әуен пернеден,  
Дүниені тал бесіктей тербegen.  
Күй – құдірет кеңістікті кернеген,  
Жалғастырды кек аспанды жерменен.  
Күй – қылыш та, күйші – батыр сиякты.

*Шолпан Қыдырназова*



## **Құрметті біздің Тұяғымыз!**

Ауылдың қара домалак баласы едің  
Өршіл өнерінмен алты Алаштың дарасы болдын.  
Саралжының жас түлек Тұяғы едің,  
Қара домбырада күй өнерінің пырағы болдын.  
Ән өнерінде сазгер боп танылған едің,  
«Ақ Бәтес, Айғаным» деп аһ ұрган едің  
Асыл мекенінде асылдығынмен табылған едің.  
«Жүрек шерімен» көңіл толқыны төгілген еді,  
Домбыранда үкілі үміт өрілген еді.  
Тал бойындағы таланттың сениң  
Қасиетің де туған жерінің топырағынан берілген еді.

*Ерназар Қисақметов  
(1999)*





Шамелов Шалқар Тұяқбердіұлы  
1974-1996 ж.ж.

"ЖУБАН ӘМДІЛДАГАЛИЕВ  
АТЫНДАРА БАТЫС КАЗАКСТАН  
ЧЕЛЕНСТЕРДІҢ АДАМЫ ӘМДЕВАЛ  
СЕКІРДІК НАСЫР"

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ  
БАТЫС КАЗАКСТАН ОБЛАСТЫ  
ОРАГА ҚАПСЫН ҮМІТ ОЛШЫС



# **Тұған жер**

Толғана

Те - сін-де ки - ялым -ды тер - бе - те - мін,

Шо - мыл-сам деп ті-леу-мен тер - ге те - гін.

Ту - ган жер, сен - де а - тыл - ган бей-уа-қыт - та,

Дау - сы-нан бір мыл - тық - тың селк е - те - мін.

Ту - ган жер, сен - де а - тыл - ган бей-уа-қыт - та,

Дау - сы- нан бір мыл - тық - тың селк е - те - мін.

## **Тұған жер**

*Сөзі: Махамбет Машекенов*

*Әні: Тұяқберді Шәмелов*

Тесінде қиялымды тербетемін,  
Шомылсам деп тілеумен терге тегін.  
Тұған жер, сенде атылған бейуақытта,  
Дауысынан бір мылтықтың селк етемін.

Толғанам өзің жайлы бұл күні көп,  
Қиналам шалса егерде бір гүлінді өрт.  
Мың есе бақытты жан болар едім,  
Көгінде ән шырқасам бұлбұлың боп.

Қияға котерілсе калқып қыран,  
Көнілге құйылады шалқып бір ән.  
Тұған жер, сенің ыстық топырағында,  
Оттағы корғасындей балқып тұрам.





*Аудиом -  
аудиок  
бесізім*

Сезіммен

Ау - ы - лым                    кү - ба қум - дар                    а - я - сын - да,  
Жай- қал - ган                    кек кү - лак - тар  
са - я сын - да.                    Ка - па (е) зен Мұ - қы - рым - на - са - мал ес -  
се, шір - кін - ай жү - па - ры - на                    то - я - сың - ба?

Қайырмасы:

Ау -ы - лым                    Жан - ка -ла ал -тын бе - сі - гім  
А -шық кой дә - йім е - сі - гің                    Ө - зің - ді сүй - гіз - ген  
жү - рек -ке                    Ө - зің - ді сүй - гіз - ген                    жү - рек -ке  
жа - зыл -ды е - сі - мің                    Ө - зің - ді сүй - гіз - ген  
жү - рек -ке                    Ө - зің - ді сүй - гіз - ген                    жү - рек -ке  
жа - зыл -ды е - сі - мің

## «Ауылым – алтын бесігім»

Сөзі: Закария Сисенгалиевтікі

Әні: Тұяқберді Шәмелов

Ауылым – құба құмдар аясында,  
Жайқалған кек құрактар саясында.  
Қараөзен, мұқырымнан самал ессе,  
Шіркін-ай, жұпарына тоясың ба?

### Қайырмасы:

Ауылым – Жаңақала алтын бесігім,  
Ашық қой дәйім есігін.  
Өзінді сүйгіз ген жүрекке  
Жазылды мәнгі есімін

Косқөлім, Тереңколім, Ерке, Назым,  
Сыйғызған құшағына қайран Нарын.  
Төребай – тарихымның белгісіндей,  
Көрінер Ақшағылдан аппақ сағым.

### Қайырмасы:

Ақкөңіл, айналайын, адамдарың,  
Көл-кесір ырысың да, жанған бағын.  
Бәріміз бір ұяның балапаны ек,  
Аман бол, үлкен-кіші, бәрің-бәрің.

### Қайырмасы:

